

2022-2023 оқу жылы бойынша 4 класына жүргізілген тәрбие жұмысының талдауы

2022-2023 оқу жылында 4 сыныпта 9 оқушы болды. Оның 6-уы ұл бала, 3-еуі қыз балалар. Әлеуметтік құрамы жақсы, материалды жағынан жеткілікті қамтылған. Сынып оқушылары ұйымшыл, бір—бірімен жақсы араласады. Жылдық қорытынды бойынша озат оқушы саны -3, екпінді оқушы саны -2, қалған 4 оқушы орташа көрсеткіш көрсетті. Сынып оқушылары мектепшілік сайыстарға, мерекелік шараларға, сыныптан тыс жұмыстарға белсене, бірігіп ұйымдастырылып құштарлана қатысты. Сынып оқушылары мектепшілік шараларға, акцияларға белсене қатысу арқылы өз қабілеттерін жақсы көрсетті.

* Әлеуметтік педагогпен бірлескен жұмыс

-Кластың құрамы, жалпы мінездемесі, әлеуметтік психологиялық мінездемелері анықталды;

-оқушылардың әлеуметтік жағдайын тексеру мақсатында үйлерін аралап, олардың мекен жайының жеке немесе жалдамалы пәтер екендігі анықталып, ата-аналармен байланыс орната отырып, оқушының өз бөлмесінің жабдықталуы қаралып, әлеуметтік паспорт айқындалды;

Класс бойынша көп балалы отбасы саны – 4.

Тәрбие жұмысының жоспары төмендегі бағыттар бойынша қамтылды:

1. Бағыты: жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие
Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

Міндеттері: Отанға, мемлекеттік құрылысқа, мемлекеттік саясатқа, мемлекеттік идеологияға;

ҚР Конституциясы мен заңнамасына, мемлекеттік рәміздерге (елтаңба, әнұран, ту), құқықтық тәртіпке; 11 елдегі ұлтаралық және конфессияаралық келісімге, халықтар достығына; өз елінің экономикалық және әлеуметтік-мәдени даму саласындағы жетістіктеріне;

басқа адамның құндылықтарына, құқықтары мен бостандығына;

өз өлкесінің (ауыл, қала, шағын аудан) табиғатына, мәдени-тарихи өміріне;

құқықтық білімге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқына;

заң талаптарына, құқықтары мен міндеттеріне; әлеуметтік құндылықтарға құрметпен қарау, мақтаныш сезімін және жауапкершілік таныту.

2. Бағыты: рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани- адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

Міндеттері:

мораль мен этиканың көпшілік мақұлдаған нормаларына; өзінің қасиетіне, арына және парызына; ішкі бостандығына және адамгершілік шешім қабылдауына;

өзінің және өзге де халықтардың мәдениетіне, дәстүріне, әдет-ғұрпына; 12 діни құндылықтарға; ой, сөз және іс бірлігіне; өзінің мінез-құлқын жетілдіруге; ар-ұжданымен орындалған қылықтарға;

түрлі мәдениет пен нанымның бірлігіне; адамдарға риясыз қызмет етуіне; өз ата-анасы, Отан, қоғам алдындағы парызына адамгершілік сезім білдіру.

3. Бағыты: ұлттық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау.

Міндеттері:

этникалық өзіндік санаға, этникалық сәйкестікке; мемлекеттік тілді және ана тілін меңгеруіне; өз халқының мәдени мұрасына;

қазақ халқының және өз халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрпына;

Қазақстанның этномәдениетіне; этносаралық бейбітшілік пен келісімге мақтаныш сезім және жауапкершілік таныту.

4. Бағыты: Отбасылық тәрбие

Мақсаты: Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

Міндеттері:

этноәлеуметтік рөлдерге; өз отбасына және ұрпақ жалғастыруға; адамгершілік қағидаларын қолдау арқылы отбасы және неке құндылықтарына құрметпен, ұқыпты қарау

5. Бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту

Міндеттері:

мемлекеттің экологиялық даму саласы бойынша саясатына, атап айтқанда «Жасыл экономика» бағдарламасына;

экологиялық сауаттылыққа, табиғатқа, қоршаған адамдарға және өзіне; «адам-қоғам-табиғат» жүйесіне; табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы әр түрлі қызметке;

кәсіби білім мен өнімді еңбекке; нарықтық экономика заңдарына құнтты және позитивті көзқарас қалыптастыру; экологиялық қауіпсіздік тәртібінің нормаларын сақтауға; еңбек қызметінде мақсатқа қол жеткізуге; мамандық таңдауына; үздіксіз білім негізінде кәсіби жинақылыққа саналы қатынас таныту.

6. Бағыты: Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу

Мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру.

Міндеттері:

өмір бойы білім алуына; өздігімен білім алуы және алған ақпаратты пайдалану біліктілігіне;

сыни тұрғыдан ойлау, талдау және алған ақпаратты тиімді пайдалану қабілетіне;

зерттеушілік және жобалық қызмет біліктерін, инновацияға қабілеттілікті меңгеруіне;

пікірталас жүргізу дағдыларына; жасампаз қызметке; топтағы жұмысқа, корпоративтік рухты нығайтуға; ақпарат көздерін сыни іріктеуге;

Интернет-қауымдастығына қосылу дәрежесіне; Интернеттегі девиантты мінез-құлыққа қарсылық білдіру;

Интернет-сауаттылық қалыптастыруға; ақпараттық қызметте және байланыс жасауда этикалық нормаларға; жоғары ақпараттық мәдениет қалыптастыруға ұмтылу және қызығушылық білдіру.

7. Бағыты: көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру.

Міндеттері: толеранттық және ғаламдық пікірге; көпмәдениеттілік және көптілділікке; мемлекеттік тілді, орыс, ағылшын және өзге тілдерді білу; мәдениетаралық әрекетке; қоғамда және қоғамдық орындардағы жалпыға ортақ мінез-құлық нормаларына; қарым-қатынас мәдениетіне; эстетикалық мұраттарға, көркемөнер құндылықтарына; шығармашылықпен ойлауға және қиялға, шығармашылық-эстетикалық қызметті қалыптастыруға қызығушылық, ұмтылыс таныту

8. Бағыты: дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Міндеттері:.

Денсаулық жағдайының скринингіне; әлеуметтік мақсаттар мен рухани қажеттіліктерге; теріс ықпалдарға қарсы тұрудың тиімді тәсілдерін меңгеруге; табиғи қабілеттерді орынды пайдалануға;

денсаулық сақтауға және нығайтуға, қауіпсіз және жауапты мінез-құлыққа; өмірдегі жаңа жағдайларға сабырлылыққа; қауіпсіздік және өмір сүру әрекетін қамтамасыз етуге; денсаулық сақтау ортасын құруға тілегі және даярлық білдіру.

1. Қыркүйек айында Ұлттық тәрбие – ұлт болашағы «Жер ананы жасыл етіп сақтайық» «Салауатты өмір-нұрлы болашақ» «Білімді азамат-ел болашағы»

2. Қазан айында «Кітап – рухани қазына» «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» «Отбасылық дәстүр» «Ұстаз-аты биік, әрі мәңгілік» «Жол ережесін білейік» ЖЖЕ №2 Қауіпсіздік сабағы (10 минут «Экология және денсаулық»), «Ата – аналардың бақылауы» бағдарламасы балаларға арналған жеңілдіктер» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

3. Қараша айында «Табиғат сенің өз үйің» «Ел рәміздері – еркіндік нышаны» «Денің сау болсын десең», «Табиғат аясындағы қауіпсіздік ережелері» «Буллингтен қорған!», Шұғыл қызмет нөмірлері, «Дұрыс тамақтану денсаулық кепілі», «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

4. Желтоқсан айында «Ойна да ойла» «Елімнің бақытын

тербеткен - Тәуелсіздік» «Жаңа жыл-бірлік пен татулықтың жылы болсын!» «Зиянды әдеттен аулақ бол!» «Тайғақ жолда абай бол!» ЖЖЕ «Ойна да ойла» тақырыбында сайыс сабақ өткізілді.



5.Қаңтар айында «Рәміздер – елдігіміздің нышаны» «Ұл тәрбиесі-ұлт болашағы» атты дөңгеек үстөсін өткізілді. «Жол тәртібі ережесі» «Баға – еңбек жемісі? Атты ата-аналар жиналысы болды. «Әлеуметтік желдегі қауіпті ойындар» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

6.Ақпан айында Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына – мәнерлеп оқудан жарыс болды. «Мен отбасыммен біргемін» «Ұшқыр ой мен шешен тіл» сайыс сабақ. «Мен отбасыммен біргемін» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

7.Наурыз айында

Ұлттың алтын қоры» «Наурыз-жыл басы» «Зейінділер мен зерделілер» Жүргіншілерге арналған жолда жүру ережелері тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Оқушылардың оқу, тәрбие нәтижелері туралы ата-аналарды хабардар ету «Наурыз-жыл басы»



Сәуір айында «Өз жерінді таны» туған жерге саяхат жасау. «Мен ғарышкер боламын» шығарма жазу. «Қоқыссыз әлем», «Жұлдызды сағат» сайыс жүргіншілерге арналған жолда жүру ережелері тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

9 мамыр айында «Халықтар достығы - бірлікте», «Аталар мұрасы – халық қазынасы», «Жақсылық жан шуағы», «Шаңырағым - шаттығым», «Ең білімді оқушы» жазғы демалыс кезіндегі өмір қауіпсіздігі тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. «Аттандық бала шақтан-болашаққа» бастауышпен қоштасу кеші болды.



Қорытынды: Өткен оқу жылында білім беру процесінің барлық қатысушыларымен өзара іс-қимылды жүзеге асырудың оң тәжірибесі жинақталды. Оқушылардың оқу және оқудан тыс іс-әрекетке саналы және тәуелсіз көзқарасын қалыптастыруды, сынып пен мектептің өміріне қызығушылық танытудың болуын, оқыту мен тәрбиелеу процесіне оң көзқарасты атап өтуге болады. Мұндай нәтижелерге қол жеткізудің көрсеткіштері қызметтің барлық түрлеріне қызығушылықтың болуы, оқу және сабақтан тыс іс-шаралар процесі мен нәтижелеріне бей-жай қарамау, барлық іс-шараларға қатысу белсенділігі болып табылады. Оң нәтижелерге сыныптың ата-аналарымен ынтымақтастық пен мүдделі қарым-қатынастың жақсаруы жатады. Жалпы, сыныптағы тәрбие жұмысы жан-жақты және жан-жақты болды. Сыныптағы тәрбие жұмысын талдау оқу жылы ішінде

оқушылармен сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыруда, ата-аналармен жұмыс жасауда оң тәжірибе жинақталғанын көрсетті.

Сыныптағы тәрбие жұмысының сәтті нәтижесіне ықпал етті:

* Мектептің тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес кезеңдер бойынша тәрбие жұмысын орынды жоспарлау.

*Тәрбие жұмысын жүргізу үшін қажетті жағдайлардың болуы (сынып бөлмесі және қажетті үй-жайлар және мектеп әкімшілігі, ата-аналар).

*Оқушылармен және олардың ата-аналарымен жеке жұмыс.

Сынып жетекшісі:

Исегали.Ж.С